

№ исх: 709 от: 04.11.2017

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**



**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

201 жылғы

Астана, Үкімет Үйі

от « » 201 года

№

№

№ данасы

экз. №

Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2017 – 2020 жылдарға арналған (ІІІ кезең) жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2017 – 2020 жылдарға арналған (ІІІ кезең) жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды орындауға жауапты орталық мемлекеттік органдар, Ақмола облысының әкімдігі, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 5 қаңтарға және 5 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын 20 қаңтарға және 20 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

